

Банкроттық туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2173 Заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.01.21. N 68-І Заңымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және шаруашылық жүргізуші субъектіні банкрот деп жариялау мен оны тартудың негіздерін, тәртібін және процедурасын, сондай-ақ қарызын өтей алмайтын борышқорды сауықтыруға бағытталған арнайы процедураларды тағайындау мен өткізу тәртібін анықтау мақсатында осы Жарлықты шығарамын:

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Ұғымдардың анықтамасы

Банкроттық - борышқордың-жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның өз кредиторларының талаптарын қанағаттандыруға және борышқордың пассивтері оның активтерінен асып кетуі салдарынан салықтық және басқа міндетті төлемдерді төлеуге тұрақты қабілетсіздігі.

Активтер - шаруашылық жүргізуші субъектінің барлық негізгі және айналым құрал-жабдығы құрамына кіретін мүлкі.

Пассивтер - шаруашылық жүргізуші субъектінің кредиторлық берешегін қоса алғанда заемдық және тартылған қаражаттан тұратын міндеттемелері.

Банкрот - қарызын өтей алмайтындығы сот шешімімен расталған борышқор.

Қарызын өтей алмайтын борышқор - өз кредиторларының талаптарын қанағаттандыра алмайтын, банкрот деп тану туралы сот шешімі қабылданбаған борышқор.

Кредитор - борышқорға мүліктік талабы бар арнаулы мекемелерді қоса алғанда жеке немесе заңды тұлға.

Арнаулы мемлекеттік мекемелер-акцияларының бақылау пакеті мемлекетте болатын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар хақында қайта ұйымдастыру процедураларын жүзеге асыру үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес меншік иесі құрған заңды тұлғалар.

Сенім білдірілген басқарушы-сот шешімімен немесе борышқор (оның мүлкінің меншік иесі) мен кредитордың (кредиторлардың) арасындағы шарт бойынша борышқордың мүлкін сырттай басқару функциясы берілетін адам.

Қайта ұйымдастыру процедуралары-борышқордың тартылуына жол бермеу және сырттай басқаруды белгілеу және (немесе) санация жүргізу жолымен қызметін жалғастыру мақсатында оның төлем қабілетін қалпына келтіруге бағытталған арнайы процедуралар.

Борышқор мүлкін сырттай басқару-қарызын өтей алмайтын борышқордың мүлкін басқару функциясын сенім білдірілген басқарушыға беру арқылы оның қызметін жалғастыруға бағытталған қайта ұйымдастыру процедурасы.

Санация - қарызын өтей алмайтын борышқорға қаржылық және материалдық-техникалық көмек көрсету жөніндегі қайта құру процедурасы.

Соттан тыс процедура - қарызын өтей алмайтын борышқор (оның мүлкінің меншік иесі) мен кредитордың (кредиторлардың) арасында санация жүргізу және (немесе) борышқордың мүлкін сырттай басқаруды белгілеу туралы уағдаластыққа қол жеткізілетін процедура.

Таратуды жүргізу - банкротты таратуды және конкурс өткізуді жүзеге асыру жөнінде сот қозғайтын және тоқтататын процедура.

Тарату-қарызын өтей алмайтын борышқордың қызметін тоқтату жөнінде сот шешімі бойынша жүзеге асырылатын процедура.

Конкурстық масса - конкурсты өткізу барысында өндіріп алынуы мүмкін борышқордың мүлкі.

Конкурс өткізу - тартылатын кәсіпорынның конкурстық массасын кредиторлар арасында бөлісуге бағытталған процедура.

Қасақана банкроттық - меншік иесінің немесе шаруашылық жүргізуші субъекті басшысының шаруашылық жүргізуші субъектіні қасақана қарызын өтей алмайтын етуі, олардың өз мүддесі немесе басқа адамдардың мүддесі үшін шаруашылық жүргізуші субъектіге залал келтіруі.

Жалған банкроттық - кредиторлардың өздеріне тиесілі төлемдерді кейінге қалдыруы және (немесе) бөліп-бөліп төлетуі немесе борыштарды шегеруі үшін оларды адастыру мақсатымен шаруашылық жүргізуші субъектінің қарызды өтей алмайтыны туралы әдейі жалған хабарлауы.

2-тарау. Соттан тыс процедуралар

2-бап. Соттан тыс процедуралар

Соттан тыс процедура - борышқордың мүлкін сырттай басқаруды белгілеу және (немесе) борышқор (оның мүлкінің меншік иесі) мен кредитордың (кредиторлардың) арасындағы келісім бойынша борышқорға санация жүргізу.

Қайта ұйымдастыру процедураларын өткізу тәртібі мен талаптары шартпен рәсімделеді.

Соттан тыс ұйымдастыру процедуралары осы Жарлықтың 4-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3-бап. Шарттың талаптарын орындамаудың зардаптары

1. Қайта ұйымдастыру процедураларын өткізу туралы шарттың талаптарын орындалмаған жағдайда субъект (субъектілер) бұл шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

2. Кредитор (кредиторлар), борышқор мүлкінің меншік иесі, сондай-ақ борышқордың өзі қайта ұйымдастыру процедураларын өткізудің тиімді емес екенін мойындаған және шарттың талаптары бұзылған жағдайда олар сотқа банкроттық туралы іс қозғау жөнінде өтініш жасай алады.

3-тарау. Банкроттық туралы сот ісін жүргізу

4-бап. Банкроттық туралы іс қозғаудың негіздері

1. Шаруашылық жүргізуші субъектінің банкроттығы туралы іс қозғауға борышқордың, борышқор мүлкінің меншік иесінің, кредитордың (кредиторлардың), прокурордың сотқа берген арызы негіз болып табылады.

2. Қайта ұйымдастыру процедураларын жүзеге асыру дерегі болған ретте банкроттық жайында іс қозғалған жағдайда сот осы іс бойынша іс жүргізуді кідірте тұру туралы ұйғарым жасай алады.

5-бап. Арыз беру

1. Қарызын өтей алмайтын борышқордың, борышқор мүлкінің меншік иесінің, кредитордың арызы үш ай мерзім ішіндегі тұрақты төлем қабілетсіздігі, борышқор өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік жоқ деп санайтын себептер, басқа да қажетті мәліметтер көрсетіліп, құқылы адамның қолы қойылып жазбаша түрде беріледі.

2. Кредитордың арызына оның талабын орындау мерзімі басталған күннен бастап үш ай ішінде қанағаттандырылмағанын растайтын құжаттар қоса берілуге тиіс.

3. Қасақана немесе жалған банкроттық белгілері анықталған жағдайда және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда

прокурор шаруашылық жүргізуші субъектінің банкроттығы туралы іс қозғау жөнінде арыз береді.

6-бап. Шаруашылық жүргізуші субъектіні банкрот деп тану туралы талаптан бас тарту

Борышқор, борышқор мүлкінің меншік иесі, кредитор және прокурор іс бойынша сот шешім шығарғанға дейін шаруашылық жүргізуші субъектіні банкрот деп тану туралы талаптан бас тарта алады.

Соттың талаптан бас тартуды қабылдауы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

7-бап. Банкроттық туралы іс қозғау

1. Сот осы Жарлықтың 5-бабында көрсетілген органдар мен адамдардан арызды алған сәттен бастап істі дайындау тәртібі бойынша шаруашылық жүргізуші субъектіден:

кредиторлар мен борышқорлардың дебиторлық және кредиторлық берешектері ашып көрсетілген толық тізімін;

шаруашылық жүргізуші субъектінің банкроттығы туралы іс қозғалар алдындағы күнгі бухгалтерлік балансты;

шаруашылық жүргізуші субъектінің-борышқордың қаржылық және мүліктік жағдайы туралы басқа да қажетті ақпаратты талап етеді.

2. Алынған ақпарат шаруашылық жүргізуші субъектіні банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін жарияланбауға тиіс.

3. Борышқор осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс етпеген жағдайда, сот бухгалтерлік балансты немесе оны алмастыратын бухгалтерлік құжаттарды жасау мен беруді борышқордың есебінен тәуелсіз аудиторға тапсырады. Аталған құжаттарды табыс ету туралы сот шешімі орындалмағаны үшін борышқордың басшысы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді.

4. Борышқордың, кредитордың (кредиторлардың) немесе прокурордың арызы негізінде сот шаруашылық жүргізуші субъектінің банкроттығы туралы іс қозғап, ол жөнінде ұйғарым шығарады. Бұл ұйғарым борышқорға, борышқор мүлкінің меншік иесіне, кредиторға (кредиторларға), прокурорға және ұжымдық шартқа қол қойған органның атынан борышқордың еңбек ұжымына жіберіледі.

8-бап. Банкроттық туралы іс бойынша соттың шешімі

1. Сот істі сотта талдап қарауға әзірлеу аяқталғаннан кейін бір ай мерзім ішінде мына шешімдердің біреуін қабылдайды:

а) шаруашылық жүргізуші субъектіні төлеу қабілеті бар деп тану туралы шешім. Сотта істі талдап қарау барысында борышқордың төлем қабілеттігі анықталып, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылуы мүмкін болса, сондай-ақ борышқор мен оның кредиторы арасында (соңғы жағдайда сот ұйғарым шығарады) ымыралық келісім жасалған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектінің төлем қабілеті бар деп танылады;

б) шаруашылық жүргізуші субъектіні банкрот деп тану туралы шешім. Бұл шешім сонымен қатар заңды тұлғаны тарату туралы шешім де болып табылады. Мұндай шешім сонымен қатар заңды тұлғаны тарату туралы шешім де болып табылады. Мұндай шешім шығарылған сәттен бастап азаматтың жеке кәсіпкер ретіндегі тіркелуі күшін жояды.

2. Қайта ұйымдастыру процедураларын жүргізу үшін өтініштер мен

негіздер болған жағдайда сот банкроттық туралы іс жүргізуді кідірте тұру және сырттай басқару мен (немесе) санация белгілеу туралы ұйғарым шығарады.

9-бап. Банкроттық туралы жариялау

Шаруашылық жүргізуші субъектіні банкрот деп тану және таратуды жүргізу жайында іс қозғау туралы шешімді сот республикалық баспасөзде жариялайды. Жариялау ақысы борышқордың есебінен төленеді.

Жариялау мыналар:

банкроттық туралы іс жүргізетін соттың атауы;

банкроттың атауы мен орналасқан жері;

таратуды жүргізу жайында іс қозғауға негіз болған арыздың берілген датасы;

жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде өздерінің борышқорға қоятын талаптарын ұсыну қажеттігі туралы кредиторларға жасалған өтініш;

өзге де елеулі жағдайлар көрсетілуге тиіс.

4-тарау. Қайта ұйымдастыру процедурасын жүргізу

10-бап. Қайта ұйымдастыру процедураларының түрлері, негіздері және қолданылуы

1. Қайта ұйымдастыру процедураларының түрлері:

а) борышқордың мүлкін сырттай басқару;

б) санация болып табылады.

2. Ұйымдастырушылық және экономикалық шараларды жүзеге асыру жолымен борышқордың қызметін жалғастыру мақсатында қарызын өтей

алмайтын борышқордың төлем қабілетін қалпына келтіруге шынайы мүмкіндік болуы борышқордың мүлкін сырттай басқаруды белгілеу үшін негіз болып табылады.

3. Меншік иесінің және (немесе) өзге де тұлғаның борышқорға қаржылық және материалдық-техникалық көмек көрсетуі жолымен оның қызметін жалғастыру үшін борышқордың төлем қабілетін қалпына келтірудің шынайы мүмкіндігінің болуы санация жүргізу үшін негіз болып табылады.

4. Процедураларының осынау түрлері бір мезгілде немесе жеке-жеке сот тәртібімен де, соттан тыс тәртіппен де қолданылу мүмкін.

5. Акцияларының бақылау пакеті мемлекетте болатын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарға қатысты сот арнайы мемлекеттік мекемелерге қайта ұйымдастыру процедураларын жүзеге асыруды басым тәртіппен ұсынады.

11-бап. Борышқордың мүлкін сырттай басқаруды белгілеу

1. Борышқордың мүлкін сырттай басқару соттан тыс процедура кезінде борышқор (оның мүлкінің меншік иесі мен кредитор (кредиторлар) арасындағы келісіммен жүзеге асырылады.

2. Борышқордың мүлкін сырттай басқаруды белгілеу туралы өтінішті борышқор мүлкінің меншік иесі, кредиторлар өздеріне тиісті шешім қабылдағанға дейін сотқа береді. Өтініште аталған процедураны өткізудің қажеттілігі мен тиімділігінің негіздемелері, сенім білдірілген басқарушының кандидатурасы жөніндегі ұсыныс болуы тиіс. Өтінішке борышқор мүлкін сырттай басқаруға кандидаттың жазбаша келісімі қоса тіркеледі.

Борышқордың мүлкін сырттай басқаруды белгілеу туралы шешімді борыштың 50 проценттен астамы (талап сомасы бойынша) үлесіне тиетін кредиторлардың келісуімен немесе арнайы мемлекеттік мекеменің өтініші болғанда, 50 проценттен астам борышы (талап сомасы бойынша) бар кредиторлардың тарапынан аталған өтінішке қарсылық білдірілмеген жағдайда сот қабылдайды.

3. Борышқордың мүлкін сырттай басқаруды белгілеу кезеңінде кредиторлардың борышқорға талабын қанағаттандыру кідіріледі.

4. Борышқордың мүлкін сырттай басқаруды белгілеу кезінде сот тарапынан немесе соттан тыс тәртіппен тараптардың келісімі бойынша сенім білдірілген басқарушы тағайындалады. Борышқор, меншік иесі мен кредиторлар сенім

білдірілген басқарушылыққа өздерінің кандидатураларын ұсынуға құқылы. Бірнеше кандидатура болған жағдайда сенім білдірілген басқарушы конкурстық негізде тағайындалады.

5. Борышқордың мүлкін сырттай басқару белгіленген кезеңде, шаруашылық жүргізуші субъектінің басшысы борышқорды басқару жөніндегі міндеттерді орындаудан шеттетіледі.

6. Мүлікті сырттай басқаруды жүзеге асырудың ұзақтығы 18 айдан аспауы тиіс. Борышқордың мүлкін сырттай басқару мерзімі сот тарапынан немесе соттан тыс процедура кезінде тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін, бірақ бұл байдан аспауы керек.

12-бап. сенім білдірілген басқарушы

1. Сенім білдірілген басқарушының кандидатурасына қойылатын талаптар:

Сенім білдірілген басқарушылыққа кандидаттың шаруашылық жұмыс тәжірибесі болуға әрі ол сотты болмауға тиіс. Сенім білдірілген басқарушы бір мезетте борышқор немесе кредитор әкімшілігінің лауазымды адамы бола алмайды.

2. Сенім білдірілген басқарушы:

қарызын өтей алмаған борышқорды басқарады, оның тиісті құқығы

болады және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен міндетін атқарады;

қолданылып жүрген заңдарда белгіленген шекте борышқордың мүлкіне иелік етіп, басқарады.

борышқордың мүлкін сырттай басқаруды жүзеге асыру жоспарын

жасайды және оның орындалуын ұйымдастырады;

еңбек туралы заңдарға сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдап,

жұмыстан шығарады;

қызметкерлердің саны мен штатын белгілейді;

сотта борышқордың мүддесін қорғайды;

басқа да функцияларды орындайды.

3. Сенім білдірілген басқарушыға сыйақы төлеудің мөлшері мен шартын сот немесе кредитор белгілейді. Сенім білдірілген басқарушыға сыйақы борышқордың қаражаты есебінен төленеді.

4. Сенім білдірілген басқарушы кредиторлар алдындағы борышқордың міндеттемесінің орындалу шартын өзгерту туралы сотқа арыз бере алады. Сот

борышы 50 проценттен астам (талап сомасы бойынша) кредиторлардың келісуі барысында сенім білдірілген басқарушының талабын қанағаттандыру туралы ұйғарым шығарады.

Аталған кредитордың талабына қатысты (сырттай басқару мерзімі ішінде пайда болған кредиторлардың талаптарынан басқасы) әділетсіздік пен айнушылық орын алған жағдайда немесе сенім білдірілген басқарушы осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда кез келген кредитор сотқа сырттай басқаруды тоқтату немесе өзгерту туралы арыз бере алады.

Борышқор мүлкінің иесі сенім білдірілген басқарушы осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда сырттай басқаруды тоқтату немесе өзгерту туралы сотқа арыз бере алады.

5. Сот процедурасы кезінде сенім білдірілген басқару борышқордың мүлкін сырттай басқарудың аяқталғаны жайында сотқа мынадай жағдайларда:

егер борышқордың мүлкін сырттай басқару мақсатына қол жеткізілсе, яғни қарызын өтей алмайтын борышқордың төлем қабілеті қалпына келтірілсе;

Борышқордың мүлкін сырттай басқарудың аяқталғаны жайында сотқа мынадай жағдайларда:

егер борышқордың мүлкін сырттай басқару мақсатына қол жеткізілсе, яғни қарызын өтей алмайтын борышқордың төлем қабілеті қалпына келтірілсе;

егер бұл мақсатқа жетудің мүмкін еместігіне көзі жетсе арыз береді.

Сот:

борышқордың мүлкін сырттай басқарудың аяқталғаны және банкроттық туралы іс жүргізуді тоқтату жөнінде ұйғарым шығаруы;

борышқордың мүлкін сырттай басқарудың тоқтатылғаны, борышқорды банкрот деп тану туралы және конкурстық іс жүргізу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

13-бап. Санация жүргізу

1. Санация жүргізу соттан тыс процедура кезінде кредитор (кредиторлар) мен борышқор (борышқор мүлкінің меншік иесі) арасындағы тараптардың келісімімен немесе тараптардың бірі банкроттық туралы іс бойынша сот шешім қабылдағанға дейін өтініш жасаған жағдайда сот шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Санация жүргізуге қатысуға тілек білдірген адамдар өтініш бойынша осы процедураны өткізу туралы сот ұйғарым шығарғанға дейін анықталған

жағдайларда сотқа олардың тізімі, борышқормен мүліктік қатынастарының сипаты туралы мәліметтерді қоса, олардың өздері туралы мәліметтер, сондай-ақ олардың санация жүргізуге қатысуға жазбаша келісімі табыс етіледі.

Санация жүргізуде борышқор мүлкінің меншік иесі мен кредиторлардың басым құқығы бар.

3. Санация туралы өтініш қанағаттандырылған жағдайда сот борышқор мүлкінің меншік иесі мен кредиторлардың келісуімен санацияға қатысуға тілек білдірушілердің конкурсын жариялайды. Сот санация жүргізу туралы ұйғарым шығарған сәтке дейін борышқор мүлкінің меншік иесі мен кредиторлар санация жүргізудегі өздерінің басым құқықтарын пайдаланбаған жағдайда, міндетті түрде конкурс жарияланады. Конкурс өткізу туралы хабарландыруды борышқор республикалық баспасөзде жариялайды.

Конкурсқа заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдіктер де жіберіледі.

4. Немесе ұсынылған санация шартымен борышқор келіспесе, онда банкроттық туралы іс осы Жарлықта және басқа да заң актілерінде көзделген тәртіп бойынша қаралуға тиіс.

5. Конкурсқа қатысу үшін өтініш беру мерзімі өткен соң он күннен кешіктірмей, ал конкурс жарияланбаған жағдайда санация тағайындау туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін он күннен кешіктірмей, сот санацияға қатысуға тілек білдірген адамдардың кандидатурасын қарап, оған қатысуға жіберілген адамдарды белгілейді және бұл жөнінде ұйғарым шығарады.

6. Ұйғарым шығарылғаннан кейін жеті күн ішінде санацияға қатысушылар жиналыс өткізуге міндетті, мұнда олар санация өткізу келісімі мен бағдарламасын талдап жасайды. Келісімде кредиторлардың ішкі кезегінің әділ әрі тең негізінде кредиторлар талаптарының қанағаттандырылуын қамтамасыз ету міндеттемесі, санацияның болжалған ұзақтық мерзімі, санацияға қатысушылармен келісілген олардың арасында кредиторлар алдындағы жауапкершілікті бөлу, санацияға қатысушылардың бірінің немесе бірнешеуінің санация басталған соң оған қатысудан бас тартқан жағдайдағы жауапкершілігі, санация жүргізу барысында экологиялық және техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ санацияға қатысушылар көзделуі міндетті деп санайтын өзге шарттар, соның ішінде борышқордың мүлкін сырттай басқаруды белгілеу мүмкіндігі көрсетілуге тиіс.

Санация бағдарламасы кәсіпорынды қаржылай сауықтыру процедураларын, берешектерді өтеу тәсілдерін, өндіріс құрылымын өзгерту мүмкіндігі мен оның қайта мамандануын жүргізуді қоса оның төлем қабілетін қалпына келтіруді, сондай-ақ меншік иесінің келісімімен меншік нысанын өзгертуді көздейді.

Санация басталуынан 12 ай өткен соң кредиторлардың талаптарының жалпы сомасынан кемінде 40 проценті қанағаттандырылуға тиіс.

Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылуға тиіс.

Санацияға қатысушылар кредиторлар алдында қабылдаған міндеттемелерін толық көлемде орындауға міндетті және егер келісімде басқадай көзделмеген болса, олардың орындалуы үшін бірлесіп жауап береді.

7. Ұсынылған келісім негізінде сот келісімде көзделген тәртіппен және шарттарға сәйкес санация жүргізуді бастау туралы ұйғарым шығарады және оның жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады. Санация жүргізу туралы ұйғарымды сот борыштың (талаптардың сомасы бойынша) 50 проценттен астамы үлесіне тиетін кредиторлар тарапынан қарсылық болмаған жағдайда қабылдайды.

8. Санацияның ұзақтығы 18 айдан аспауға тиіс. Санацияға қатысушылардың өтініші бойынша сот оны жүргізу мерзімін ұзартуға құқылы, бірақ ол 6 айдан аспауы керек.

9. Санация жүргізу барысында борышқор мүлкінің меншік иесі, кредиторлардың кез-келгені немесе олардың атынан ұжымдық шартқа қол қоюға өкілеттік берілген орган ретінде қарызын өтей алмайтын борышқордың еңбек ұжымының мүшелері санацияның нәтижесіз жүргізілгені туралы немесе санацияға қатысушылардың қарызын өтей алмайтын борышқордың, кредиторлардың немесе борышқор мүлкінің меншік иесінің мүдделеріне нұқсан келтіруге әкеп соғатын іс-қимылы туралы сотқа арыз береді. Сот мұндай арыздарды қарап, санацияны тоқтатуға дейін тиісті шешім қабылдайды.

10. Санация мынадай жағдайларда:

санация мақсатына жетсе;

оны жүргізудің белгіленген мерзімі аяқталса;

келісімінің талаптары орындалмаса;

санацияға қатысушылардың немесе сенім білдірілген басқарушының арызы негізінде санацияның нәтижесіздігі анықталса тоқтатылуы мүмкін.

11. Санацияның мақсатына жетуі соттың банкроттық туралы істі тоқтату туралы ұйғарым шығаруына негіз береді.

14-бап. Санацияның қорытындысын шығару

1. Санациялау мерзімі өткен соң он күн ішінде санацияға қатысушылар немесе сенім білдірілген басқарушы сот іс жүргізген жағдайда сотқа немесе соттан тыс процедура кезінде меншік иесі мен кредиторлар жиналысына санация жүргізілген борышқордың қаржы-шаруашылық жағдайы туралы есепті табыс етеді.

2. Кәсіпорынды санациялауды жүзеге асыратын санацияға

қатысушылар кәсіпорын мүлкі үлесінің меншік иесі болады, оның мөлшері санация барысында өз борышқорға инвестициялаған қаражаттың, сондай-ақ борышқордың мойнындағы борыш міндеттемелерін шығарып тастағандағы, шаруашылық жүргізуші субъектінің банкроттық күйін тоқтату туралы шешім қабылданған сәттегі пайдасының сомасымен айқындалады.

5-тарау. Таратуды жүргізу

15-бап. Таратуды жүргізудің мақсаты

Таратуды жүргізу кредиторлардың талаптарын шамалас қанағаттандыру, банкротты борышынан бос деп жариялау және шаруашылық жүргізуші субъект-банкротты тарату мақсатында жүзеге асырылады.

16-бап. Сот пен тарату комиссиясының таратуды жүргізудегі өкілеттіктері

1. Сот:

тарату жүргізілуін қозғайды және тоқтатады;

шаруашылық жүргізуші субъектіні тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына шаруашылық жүргізуші субъектіні тарату туралы шешім шығарылғаны туралы дереу хабарлайды, ол шаруашылық жүргізуші субъектінің таратылу процесінде екені туралы мәліметті заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуіне енгізеді;

тарату комиссиясын тағайындайды;

2. Тарату комиссиясы:

сот шешімін олардың атынан ұжымдық шартқа қол қоюға өкілетті орган арқылы еңбек ұжымына жеткізеді;

сот шешімін жергілікті еңбекпен қамту қызметі органына жеткізеді;

таратудың тәртібі мен жүргізілу мерзімін белгілейді;

конкурстық жүргізуді жүзеге асырады: борышқордың және оның мүлкінің конкурстық сатылуы туралы жариялайды, сондай-ақ конкурстық сатылу шарттарын хабарлайды; банкроттың мүлкін сату жөнінде конкурс өткізеді;

борышқордың қатысуымен азаматтық іс жүргізіліп отырған сотқа хабарлайды;

сотқа банкротты таратудың аяқталғандығы туралы есеп береді.

17-бап. Тарату жүргізуді қозғаудың банкрот үшін зардаптары

1. Тарату жүргізу қозғалған сәттен бастап банкротқа мүлкін

иелігінен шығаруға, басқаға беруге және міндеттемелерін өтеуге тыйым

салынады.

2. Банкроттың барлық борыш міндеттемелерінің мерзімі аяқталған деп есептеледі.

3. Банкроттың берешегінің барлық түрлері бойынша өсім мен процент есептеу тоқтатылады.

4. Егер олар бойынша қабылданған шешім заңды күшіне енбесе, банкроттың қатысуымен сотта қаралған мүліктік сипаттағы даулар тоқтатылады.

5. Банкроттың мүлкінен өндіріп алу жөніндегі барлық заңдық шектеулер алынады.

6. Осы сәттен бастап мүліктік немесе қаржылық сипаттағы барлық талаптар банкротқа тарату ісін жүргізу шеңберінде ғана ұсынылуы мүмкін.

18-бап. Банкроттың тарату ісін жүргізудегі құқығы

Тарату жүргізу қозғалған кезде банкрот:

мүлкі мен оны басқару құқығына айрылады;

тарату комиссиясының жолсыз іс-қимылына сотқа шағым жасауға құқылы.

19-бап. Мүлікті және борышты бағалау

1. Банкроттың барлық активтері оның баланстарында көрсетілгеніне немесе көрсетілмегеніне қарамастан, конкурстық массаны қалыптастыру негізін құрайды.

Баланста көрсетілмеген активтер тарату комиссиясының жеке түгендеу актісімен ресімделуге және балансқа алынуға тиіс.

2. Тарату комиссиясы тартылған сарапшылардың көмегімен банкроттың мүлкі (активтері) мен оның борышын түгендеуді және бағалауды жүзеге асырады

3. Банкроттың конкурстық массаны құрайтын мүлкін (активтерін)

бағалау Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

4. Банкроттың меншігі болып табылмайтын мүлік конкурстық массаға қосылмайды, бұл:

толық жауапкершілікті серіктестік мүшелерінің мүлкінен басқа кәсіпорын қызметкерлерінің жеке мүлкі;

банкроттың жалға алу құқығымен пайдаланатын мүлкі;

банкроттың жауапты сақтауындағы тауарлар;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес банкроттың меншігі болып табылмайтын басқа да мүліктер.

5. Азаматтардың өндіріп алуға жатпайтын жеке мүлкінің тізбесі қолданылып жүрген заңдармен белгіленеді.

20-бап. Банкроттың мүлкін сату жөніндегі конкурс

1. Банкроттың мүлкін сату конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2. Банкроттың мүлкін сату жөніндегі конкурс кредитор қойған талаптардың жарияланған мерзімі өткеннен кейін, бірақ оның іс жүзінде таратылғаны туралы шешім қабылданған сәттен бастап үш айдан кешіктірілмей тағайындалады.

Егер банкроттың мүлкі толық сатылып алынбаса, онда бұл мүлікті бөліп сату жүзеге асырылады.

3. Конкурсты тарату комиссиясы ұйымдастырады.

4. Конкурсқа қатысуға заңды және жеке тұлғалар жіберіледі. Шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленеді.

5. Конкурсты өткізудің тәртібі мен сатылатын мүліктің бастапқы бағасын белгілеу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен айқындалады.

21-бап. Конкурстық массаны бөлудің тәртібі мен кезегі

1. Таратуды жүргізуге және тарату комиссиясының функциясын орындалуына байланысты шығыстар кезектен тыс өтеледі.

2. Бірінші кезекте таратылатын шаруашылық жүргізуші субъекті тиісті мерзімді төлемдерді капиталдандыру жолымен алдында өзі өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауап беретін талаптар қанағаттандырылады.

3. Екінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбек ақысын төлеу және авторлық шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі есеп айырысулар жүргізіледі.

4. Үшінші кезекте таратылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің мүлкін кепілге салумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары қанағаттандырылады.

5. Төртінші кезекте бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдер бойынша берешек өтеледі.

6. Бесінші кезекте заң актілеріне сәйкес басқа да кредиторлармен есеп айырысулар жүргізіледі.

7. Әрбір кезекті талап оның алдындағы кезекті талаптар өтелгеннен кейін қанағаттандырылады.

8. Таратылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, егер заңда басқадай белгіленбеген болса, ол кредиторлардың арасында

кезегіне қарай қанағаттандырылуға тиіс талаптардың сомасына тепе-тең бөлінеді

9. Тарату комиссиясы кредитордың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан немесе оларды қараудан жалтарған жағдайда, кредитор шаруашылық жүргізуші субъектінің тарату балансы бекітілгенге дейін тарату комиссиясының үстінен сотқа қуыным жасауға құқылы. Сот шешімі бойынша кредитордың талабы таратылған шаруашылық жүргізуші субъектінің қалған мүлкінің есебінен қанағаттандырылуы мүмкін.

10. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған шаруашылық жүргізуші субъектінің мүлкі, егер заңдарда немесе шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылтай құжаттарында басқадай көзделмесе, осы мүлікке заттық құқығы бар немесе шаруашылық жүргізуші субъектіге қатысты міндеттемелік құқығы бар оның меншік иесіне немесе құрылтайшыларға (қатысушыларға) беріледі.

11. Кредиторлардың таратылатын шаруашылық жүргізуші субъекті мүлкінің жетіспеуінен қанағаттандырылмаған, сондай-ақ тарату балансы бекітілгенге дейін мәлімделмеген талаптары өтелген болып саналады.

Сондай-ақ кредиторлардың тарату комиссиясы құптамаған талаптары, егер кредиторлар қуыным жасап сотқа арызданбаған болса, сондай-ақ соттың шешімімен оны қанағаттандырудан бас тартылған талаптар өтелген болып саналады.

22-бап. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру

1. Банкроттың мүлкін сатудан түскен ақша қаражаты осы Жарлықтың 21-бабында белгіленген тәртіп пен кезекке сәйкес, кредиторлардың арасында бөлінеді.

2. Тарату комиссиясы құптамаған талаптар, егер кредиторлар оның құпталмауын сот арқылы шешуді көздемесе, сондай-ақ кредиторлар талаптарының толық немесе ішінара құпталмағаны туралы хабар алғаннан кейін бір ай мерзім ішінде өз талаптарын қанағаттандыру жөнінде сотқа қуыным жасамаса, талаптары өтелген болып саналады.

23-бап. Банкротты қарыздарынан босату

1. Мүлкі сатылғаннан кейін банкрот қарыздарынан босатылған болып саналады.

2. Егер тарату жүргізу басталғанға дейінгі бір жыл ішінде өз мүлкінің бір бөлігін жасырып қалса немесе жасырып қалу мақсатымен басқа адамға берсе, банкрот қарыздарынан босатылмайды.

24-бап. Тарату комиссиясының есеп беруі

1. Банкрот қарыздарынан босатылғаннан кейін және кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін тарату комиссиясы тарату балансы мен талаптар қанағаттандырылғаннан кейін қалған қаражаттың пайдаланылуы туралы есебін қосып, өзінің қызметі туралы сотқа қорытынды баяндамасын табыс етеді.

2. Сот тарату комиссиясының есебін қабылдап алады және тарату

жүргізуді тоқтатады, бұл туралы шаруашылық жүргізуші субъектіні мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына хабарлайды.

25-бап. Банкрот деп танылған шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін тоқтату

Мемлекеттік тіркеу тізілімімен шығарылған сәттен бастап шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметі тоқтатылған болып саналады.

26-бап. Осы Жарлықтың күшіне ену тәртібі

Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті